

ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Компания қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі стратегиялық мақсаттар мен табыстың негізгі факторларын қызметтің негізгі көрсеткіштеріне ыдыратуды және оларды жоғарыдан төменге каскадтауды көздейді.

Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі мыналарды қамтиды:

- Компания басшыларына ортақ болып табылатын корпоративтік ҚНК, олардың тізбесі стратегиялық көрсеткіштер мен өзгеретін сыртқы орта жағдайында стратегиялық міндеттерді қайта қараудан туындай отырып қалыптастырылады;
- Компанияның нақты басшысының стратегиялық сипаттағы міндеттеріне негізделген функционалдық ҚНК.

ҚМГ Басқармасы мүшелерінің тиімділік көрсеткіштерінің тізбелері мен мақсатты мән-дері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Басқарма мүшелерінің 2020 жылға арналған ҚНК тізбесі операциялық және күрделі шығындарды оңтайландыру бойынша көрсеткіштер және қаржылық орнықтылық көрсеткіштері сияқты дағдарысқа қарсы қабылданған шараларды көрсету ескеріле отырып қалыптастырылды, сондай-ақ "ESG-рейтинг" көрсеткішімен толықтырылды. ҚНК мәндері Компанияның шоғырландырылған Бизнес-жоспарының негізгі қаржы-экономикалық және салалық көрсеткіштері мен дивизиондар көрсеткіштерінің негізінде қалыптастырылды.

Басшыларға сыйлықақы беру мақсаттары үшін көрсеткіштердің орындалуын бағалау Компания қызметінің қорытындылары шығарылғаннан кейін жүзеге асырылады.

2020 жылы қызметтің негізгі корпоративтік көрсеткіштерін орындау

№	Атауы	Өлш. бірл.	2018	2019	2020 ⁵	2020 жылы орындауға комментарийлер
1	ROACE ¹	%	8,1	11,5	2,9	
2	Операциялық және күрделі шығындарды азайту ²	млрд теңге	Қолданылмайды	Қолданылмайды	173	Бекітілген мәндерден жоғары деңгейде орындалды
3	Қарыз/EBITDA ³	коэф.	2,5	2,1	3,8	
4	Қорлар (A + B + C1)	млн тонна	668,14	680,66	666	Жоспар деңгейінде орындалды
5	ESG-рейтинг	рейтинг	Қолданылмайды	Қолданылмайды	69	Жоспар деңгейде орындалды
6	ҚМГ компаниялар тобының тауарларындағы, жұмыстарындағы және қызметтеріндегі жергілікті қамту үлесі бойынша мақсатты индикаторларды орындау ⁴	%	Қолданылмайды	Қолданылмайды	125	Жоспар деңгейінде орындалды

Басқарма мүшелерінің қорытынды нәтижелілігінде корпоративтік және функционалдық ҚНК үлестерін бөлу

Қызметкердің мәртебесі	Корпоративтік ҚНК, %	Функционалдық ҚНК, %
Басқарма төрағасы	100	0
Басшы қызметкер (Басқарма төрағасын есептемегенде)	70	30

¹ ROACE = (бір жылдағы пайда + салық төлемдері бойынша түзетілген сыйақы шығындары) / орташа капитал.

² Көрсеткіш Компанияның 2020 жылға арналған бекітілген Бизнес-жоспарымен салыстырғанда, бақыланатын операциялық және күрделі шығындардың төмендеуін көрсетеді.

³ «Самұрық-Қазына» АҚ бекітілген әдістемесіне сәйкес.

⁴ ҚМГ компаниялары тобының тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі бойынша индикаторларының орындалуын көрсететін композиттік көрсеткіш.

⁵ ҚМГ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы іс жүзіндегі көрсеткіштердің мәндерін түпкілікті бекітуі 2021 жылдың маусымында күтілуде, осыған байланысты, кестеде көрсетілген мәндер кішкене түзетілуі мүмкін.